

2014;
Тест тапсырмаларының формасы және оны оқу
үдерісінде қолдану

Мамаева Мәкен Қасымбайқызы, филология ғылымдарының кандидаты, доцент
(ҚазҰУ)
maken_59@mail.ru

Студенттердің ойлау мәдениетін қалыптастыру, жеке адамның ішкі әлемін, өзіндік түсінігінің дамуын қамтамасыз ету, оқытуда белгілі бір нәтижеге жету мақсатында ғалымдар оқу үдерісін «технологияландыру», яғни оқытуда кепілді нәтиже беретін «өндірістік-технологиялық процеске айналдыру» мәселесін көтеруде.

Технология – шеберлікпен өнім алу, нәтижеге жету, белгілі бір жоба, модульмен оқыту. Оқыту технологиясының негізгі мақсаты – берілген үлгі бойынша өнім алу, оқытудың тиімділігін, сапасын көтеру.

Тест тапсырмалары арқылы оқытуды технологиялық әдіс деп санайтын Ресей тестологі В.С.Аванесов «Тест тапсырмаларын қолдану тек білімді тексеріп қана қою емес, оның басты қолданылу ортасы оқу процесі, өзін-өзі тексеру мен өздігінен білім алу процесі», - дейді. [1, 5]

Білім беру жүйесінде тапсырма сұрақ, жаттығу түрінде беріліп келді. Тапсырмалардың осылай берілуін сынға алған В.С.Аванесов: «Сұрақтар мен оған берілетін жауаптар кейде айқын емес, көпсөзділікке ұрындырады, нақты жауапты табу интеллектуалды энергияны көп жұмсауды қажет етеді», [1;9] - дей келе, тестілеудің технологиялық әдісі дұрыс жауап пен қате жауапты дәл және тез ажырата алуға әкелетінін атап көрсетеді.

Оқу үдерісіндегі тапсырмалар екіге бөлінеді: оқыту тапсырмалары және бақылау тапсырмалары. Бірінші тапсырмалар оқу үдерісінде жеке тұлғаны дамыту үшін, екінші тапсырмалар оқу үдерісі аяқталған соң, алған білім деңгейін анықтау үшін пайдаланылады.

Көпшіліктің түсінігінде, тест тапсырмалары – бақылау құралы. Тест тапсырмалары арқылы бақылау Қазақстанда Ұлттық бірыңғай тестілеуде және жоғары оқу орындарында қалдық білімді тексеруде қолданылып келді.

Тест тапсырмаларының келесі функциясы - оқытуда қолдану – кенже қалып келеді. Тест тапсырмаларын оқытуда қолдану үшін тест тапсырмаларының формаларын толық білу қажет.

В.С.Аванесов тест тапсырмаларының 4 формасын [1, 21-95] төмендегідей көрсетеді:

- 1) жабық тест – бір немесе бірнеше дұрыс жауаты табу;
- 2) ашық тест - жауап варианттары жоқ, жауапты өзі қою;
- 3) сәйкесін табуға арналған тест – бірнеше тапсырма мен бірнеше жауап беріліп, сәйкесін табу;
- 4) ретімен орналастыруға арналған тест – алған білімді жүйелі ретімен айта білуге арналған.

Тест тапсырмаларының әр формасына тоқталып, мысалдар келтірейік. Жабық тест тапсырмалары екі түрлі:

- 1) бір дұрыс жауапты табуға арналған тапсырма;
- 2) бірнеше дұрыс жауапты табуға арналған тапсырма.

Жабық тест тапсырма мен оған берілген жауаптан құралады, тест тапсырушы жауапты басқа жақтан іздеп жатпайды, мүмкін жауаптардың бірін ғана таңдайды. Жабық тест тапсырмаларының ішінде ең көп қолданылып келгені – бір дұрыс жауапты табуға арналған тапсырма. Бұл тест тапсырмасы сынға көп ұшырады. Оның кемшілігі – жауапты ойланбай-ақ тез тауып алу. Дегенмен, жақсы жасалған тапсырмада жауапты ойланбай таба алмайды. Ол үшін мүмкін жауаптар – дистракторлар дұрыс таңдап алынуы керек. Дистрактор (to distract) – ағылшын тілінде алаңдату (отвлекать) деген сөз. Осы сөзге мән берсек, мүмкін жауаптың дұрыс жауаптан мүлде алшақ емес екенін, оған жуық, ойланып таңдауды қажет ететінін білу керек.

Бір дұрыс жауапты табуға арналған тест тапсырмасына 1-2 мысал:

Сөздердің жалғау арқылы байланысы:

- A) әкім болу
- B) әйгілі әнші
- C) Гүлшаттың қызы
- D) әдемі кеш
- E) телефон арқылы сөйлесу

Сөйлемдегі күрделі толықтауыштың ішкі байланысу формасы:

Ауылыңның атын ұмытсаң да, салтын ұмытпа (ауған мақалы)

- A) қиысу
- B) меңгеру
- C) матасу
- D) қабысу
- E) жанасу

Бұл екі тест тапсырмасын салыстырсақ, бірінші тапсырма жеңіл, дұрыс жауапты ойланбай-ақ табуға болады, себебі жалғау арқылы байланысып тұрған сөздер біреу ғана, қалған дистракторлар дұрыс жауапты табуға нұсқап тұр.

Екінші тапсырма қиын, ойланып жауап беруді талап етеді. Бұл тапсырманы орындау үшін синтаксистің сөз тіркесі бөлімін де, сөйлем мүшесі бөлімін де білу керек. Бір тапсырманы орындау үшін екі жақты ойлану қажет. Сондықтан, бір дұрыс жауапты табуға арналған тапсырмаларды тек жеңіл деп есептеуге болмайды. Тапсырманың бұл түрі де жеңіл, орташа, қиын деңгейлерде жасалады.

Демек, дистракторлар дұрыс жауаптан көңіл аудартып, алаңдатуға тиіс, яғни салыстырып ойлауға әкелуі керек. Біз қолданып жүрген тестерде қате жауапты табуға да арналған тест тапсырмалары кездеседі. Мұндай тест ұсыну дұрыс емес. Себебі оқу үдерісі дұрыс білім алуға негізделген деген пікірді В.С.Аванесов айтады.

Дистракторлар саны көбейген сайын ойланбай тауып алу мүмкіндігі азаяды. Бірнеше дұрыс жауапты табуға арналған тест тапсырмалары осы үшін ойлап табылған. Тест тапсырмаларының бұл түрі «не не үшін?» (что для чего?) дегенді білу үшін, кәсіби білімді тексеруге бағытталған функционалды тест болып есептеледі. Олардың дистракторлары 5-12 аралығында, эстетикалық дұрысы - жұп сандармен берілгені – 6, 8, 10, 12. Тестің бұл түрі білімді толық, жан-жақты тексеруге әкеледі.

Бірнеше дұрыс жауапты табуға арналан тест тапсырмаларын салыстырып көрейік:

1. Сөйлемдегі бастауыш:

- A) ойды тиянақтап тұрады*
- B) айтылатын ойға негіз болады*
- C) субъектінің қимылын білдіреді*
- D) субъектінің сапасын білдіреді*
- E) қимылдың субъектісі болады*
- F) зат есімнің сапасын анықтайды*
- G) қимыл процесінің объектісі болады*
- H) сөйлемдегі басқа мүшелерге тәуелсіз болады*

2. Үйірлі анықтауышты сөйлем:

- A) Ұзын бойлы кісі үйге еңкейіп кірді.*
- B) Бойы ұзын кісі бұл үйге еңкейіп кірді.*
- C) Біз оқыған университетте баламыз да оқып жүр.*
- D) Біздің ұстаздарымыздың оларға да үйретері көп.*
- E) Үні жоқтың міні жоқ.*
- F) Ақ көңілдің аты арып, тоны тозбас.*
- G) Кең пейілдің ішінде кен жатады.*
- H) Шын жомарт жоқтығын елемейді.*

Бірінші тапсырма сөйлемнің бастауышының белгілерін толық білуге әкелетін оқытуға арналған тест болса, екінші тапсырма теориялық білімді дұрыс қолдану нәтижесін бақылауға арналған тест.

Тест тапсырмаларының екінші формасы – ашық тест формалары. Мұндай тест тапсырмалары ереже-анықтамаларды нақты айта білуге, пікірдің құрылымын әр түрлі өзгертіп айта білуге, атау, факт, қасиет, белгі, т.б. дәл айта алуға жетелейтін, оқу үдерісінде көп қолданылатын тапсырма. Мысалы:

Толықтырыңыз:

- 1. Құрама баяндауыш дегеніміз - ...*
- 2. Күрделі мүшенің ішкі қатынасы - ...*
- 3. Іштей субъектілік - предикаттық қатынасқа құралған күрделі мүше - ...*
- 4. Бұйрықты сөйлемнің мақсаты - ...*
- 5. Жауап алу мақсатында айтылған сөйлем - ...*

Тест тапсырмаларының үшінші формасы – сәйкесін табуға арналған тапсырмалар. Мұндай тест тапсырмалары ассоциативі білімді тексеруге бағытталған. Бұл тапсырма фактілердің сәйкестігін, заттар мен оның қасиетін, субъект пен оның әрекетінің сәйкестігін анықтауға, дәл табуға арналған.

Мысалы:

Сәйкесін көрсетіңіз:

- | | |
|------------------------|---------------------------|
| 1. Бір негізді сөйлем: | A) жалаң сөйлем |
| 2. Екі негізді сөйлем: | B) жайылма сөйлем |
| | C) белгілі жақты сөйлем |
| | D) белгісіз жақты сөйлем |
| | E) жалпылама жақты сөйлем |
| | F) атаулы сөйлем |
| | G) толымды сөйлем |
| | H) толымсыз сөйлем |

Жауаптары:

1. Д, Е, F
2. А, В, С, G, H

Сәйкесін көрсетіңіз:

1. Аналитикалық тәсілмен байланысатын сөз тіркестері: A) қиысу
2. Синтетикалық тәсілмен байланысатын сөз тікесітері: B) матасу
C) қабысу
D) меңгеру
E) жанасу

Жауаптары: 1. С, Е

2. А, В, Д

Тест тапсырмаларының осы түрін оқытуда да, бағалауда да қолдануға болады.

Тест тапсырмаларының төртінші формасы – ретімен орналастыруға арналған тапсырма. Тапсырманың бұл түрі білімді бағалауда ғана емес, біліктілік пен дағды қалыптастыруда аса қажетті болғандықтан оқу үдерісінде жиі қолданылады. Грамматикалық тұлға туралы тұжырымдап айтуда оның белгілерін ретімен еске сақтауда немесе бүтінді бөшектеп анализ жасауда да ретімен осы тапсырманы орындату арқылы жақсы нәтижеге жетуге болады, яғни анализ және синтез жасауда бірізділік қалыптастыруда қолданамыз.

Мысалы:

1. Сөйлемді сөз тіркесіне талдау реті:

- ☐ байланысу формасын табу
- ☐ синтаксистік қатынасын анықтау
- ☐ сөз тіркесінің түрін табу
- ☐ байланысу тәсілін анықтау
- ☐ жай немесе күрделі тіркес екенін анықтау

2. Жақсыз сөйлем:

- ☐ баяндауышқа сүйеніп құралған
- ☐ бір негізді сөйлем
- ☐ баяндауышы үш жаққа ортақ
- ☐ баяндауыштағы әрекеттің субъектісі бірде бар, бірде жоқ
- ☐ бірақ субъект грамматикалық жағынан бастауыш бола алмайтын

Тест тапсырмаларының осы формасын қолдану арқылы білім алушыны жүйелі талдауға, ойын жүйелі құрап айта алуға үйретуге болады.

Қорыта айтқанда, жоғарыда талданған тест формаларының қайсысын оқытуда, қайсысын бағалауда қолдану пәннің түріне, мақсатына байланысты. Тест тапсырмаларын таңдап қолдану творчестволық ізденісті де талап етеді.

Пайдаланылған әдебиет:

1. В.С.Аванесов, Форма тестовых заданий, -М., 2006.

Резюме

В данной статье рассматривается четыре формы тестовых заданий и их применение в учебном процессе.